

АТЫ-ЖӨНІ: .....  
СЫНЫБЫ: .....

**Барлығы 100 ұпай, уақыты 60 минут**

**I. Дұрыс жауапты таңдау** (Әр тапсырма үшін берілген төрт жауап нұсқасының біреуі ғана дұрыс). (4 ұпай  $\times$  7 = 28 ұпай)

1. Жай сандар қатарын белгілеңіз.

A. 1; 3; 5; 7; 9.      B. 2; 4; 6; 8.      C. 2; 13; 17; 29.      D. 15; 27; 37.

2. Базарда 4 алманы 3 бананға алмастыруға болады. 1 алма 60 теңге тұратын болса, 1 банан неше теңге тұрады?

A. 45 теңге      B. 60 теңге      C. 80 теңге      D. 90 теңге

3. Ең кіші бұрыс бөлшекті белгілеңіз.

A.  $\frac{1}{2}$       B.  $\frac{2024}{1001}$       C.  $\frac{3}{10}$       D.  $\frac{2024}{1003}$

4. Теңдеуді шешіңіз:  $\frac{x}{7} + 1\frac{1}{14} = 4 - 2\frac{1}{14}$

A. 1      B. 6      C. 7      D. 8

5. Ұзындығы 60 метр және ені 20 метр болатын тікбұрышты бақ қоршаумен қоршалған. Бақшаны үлкенірек ету үшін, сол қоршауды пайдаланып оның пішіні шаршыға өзгертіледі. Бұл бақшанының ауданы неше  $m^2$  – қа кеңейді?

A. 200  $m^2$       B. 400  $m^2$       C. 600  $m^2$       D. 800  $m^2$

6. Оқушылар 72 м ұзындықтағы жолдың бір жағына әр 9 м жерге бір түп ағаштан екті. Онда барлығы қанша түп ағаш егілді?

A. 7      B. 8      C. 9      D. 10

7. Ерасыл 9 минут бойы қозғалыста болды. Ол бірінші минутта 1 км/сағ, екінші минутта 2 км/сағ, үшінші минутта 3 км/сағ т.с.с. тоғызыншы минутта 9 км/сағ жылдамдықпен қозғалды. Ерасыл барлығы неше метр жол жүрді?

A. 500 м      B. 600 м      C. 750 м      D. 1000 м

**II. Дұрыс жауапты таңдау** (Әр тапсырма үшін берілген бес жауап нұсқасының біреуі ғана дұрыс). (5 ұпай  $\times$  6 = 30 ұпай)

1.  $n!$  – ол 1-ден  $n$ -ге дейінгі сандардың көбейтіндісі.  $\frac{8!}{6!}$  нешеге тең екенін табыңыз.

Мысалы:  $3! = 1 \times 2 \times 3 = 6$ .

A.  $\frac{4}{3}$       B. 8      C. 30      D. 42      E. 56

2. Төмендегі бөлшектердің нешеуін ондық бөлшек түрінде жазуға болады?

$\frac{1}{2}, \frac{2}{3}, \frac{3}{4}, \frac{4}{5}, \frac{7}{8}, \frac{8}{9}, \frac{9}{10}$

A. 3                      B. 4                      C. 5                      D. 6                      E. 7

3. Мирас бір сан ойлады. Мирас ойлаған санның ширегі сол санның 10%-ынан 6-ға үлкен. Мирас ойлаған санның цифрларының қосындысы нешеге тең?

A. 2                      B. 5                      C. 4                      D. 10                      E. 12

4. 6 “А” сыныбында 20 оқушы бар және сынып оқушыларының 25 %-ы ұл. 6 “Б” сыныбында 30 оқушы бар және сынып оқушыларының 40 %-ы қыз. Жалпы 6-сынып оқушыларының қандай бөлігі қыз?

A. 48 %                      B. 50 %                      C. 52,5 %                      D. 54 %                      E. 65 %

5. Қайрат 3 күнде 105 есеп шығарды. Екінші күні 15 есеп шығарды. Бірінші және екінші күні шығарған есеп саны, екінші күні және үшінші күні шығарған есеп санынан 2 есе көп. Қайрат бірінші күні неше есеп шығарды?

A. 45                      B. 50                      C. 55                      D. 60                      E. 65

6. Төмендегі сандар тізбегінің заңдылығын анықтап, сұрақ белгісінің орнындағы санды табыңыз.

$$\frac{1}{2}; \frac{1}{3}; \frac{3}{10}; \frac{2}{7}; \frac{5}{18}; \frac{3}{11}; ?$$

A.  $\frac{5}{16}$

B.  $\frac{3}{8}$

C.  $\frac{4}{15}$

D.  $\frac{7}{26}$

E.  $\frac{4}{15}$

**III. Бос орынды толтыру** (Әр тапсырма үшін қалдырылған бос орынға есептің жауабын жазу керек). (6 ұпай  $\times$  7 = 42 ұпай)

1. Төмендегі өрнектің мәнін есептеп, аралас бөлшек түрінде жазыңыз. [                      ]

$$197 \times \frac{1}{7} + 304 \times \frac{3}{14} + 197 \times \frac{1}{14}$$

2. Қызының 8 жыл бұрынғы жасы, әкесінің 12 жыл бұрынғы жасының  $\frac{3}{8}$ -ін құрайды құрайды. Қазір әкесі 44 жаста, қызы неше жаста [                      ]

3.  $\odot$  логикалық амалы келесідей анықталған:  $a \odot b = \frac{a}{b} + \frac{b}{a}$ . Онда  $(0,4 \odot 0,16) \odot 2,9$  өрнегінің мәні нешеге тең? [                      ]

4. 1-ден 100-ге дейінгі сандарды төмендегі ретпен жазылған. 1 цифры неше рет кездеседі. [                      ]

1234567.....99100

5. Мұрат пен Саматта бірдей алма бар. Мұрат өзінің алмаларының қандай бөлігін Саматқа бергенде, оның алмалар саны Саматтың алмалар санынан 4 есе артық болады? [                      ]

6. Құрамында 0, 2, 7, 8 цифрлары кемінде бір рет кездесетін және тек осы цифрлардан тұратын ең кіші 3-ке бөлінетін бес таңбалы сан нешеге тең? [                      ]

7. 192192192 санының ең кіші және ең үлкен тақ бөлгішінің қосындысы нешеге тең? [                      ]